

применением его на практике, деятельным использованием в бизнесе и продвижением производства можно достичь личного триумфа и общего благополучия. Помимо этого, подрастающему поколению следует воспитываться в атмосфере незыблемой защиты. Государство будет совершенствовать те сферы, которые остаются его безусловной прерогативой: обеспечение безопасности, соблюдения прав и свобод молодежи, гарантий в сфере образования и занятости; создание условий для профессионального, творческого и физического развития молодежи, ее адаптация к современным условиям; формирование духовно- нравственного, патриотического воспитания; обеспечение помощи, социально-уязвимым слоям молодежи.

Исходя из выше сказанного можно заключить, что законодательство в области молодежной политики есть общепринятая мировая практика, действенный инструмент формирования государственной молодежной политики.

Задачи политики такого масштаба должны быть решены посредством применения проектного подхода, сориентированного на успешную социализацию молодежи, достижение приоритетов развития государственности. Все данное, фактически, сформирует устойчивые условия для самоорганизации молодежи и всего населения, формирование деятельности, отвечающей объемам поставленных перед Казахстаном задач - роста благосостояния граждан и совершенствования общественных отношений.

Как отметил Глава государства Н.А. Назарбаев в своем труде «Казахстанский путь»: «Успех будет сопутствовать молодым, если они выберут гуманизм, знание, ответственность, справедливость и не будут эгоистичны». Именно наша молодежь будет определять будущее нашей страны. И не является случайным нынешнее Послание Президента Нурсултана Назарбаева народу названным "Построим будущее вместе!" – все стратегические цели его политики адресованы молодежи[4]. У Казахстана формируется прекрасное будущее, которое мы, молодежь, должны совершенствовать с каждым днем и мотивировать детей нашего государства на повышение социальных, культурных и исторических ниш с целью реализации молодежной политики в нашей республике.

Список использованной литературы:

1. Зайниева Л.Ю. Государственная молодежная политика: Казахстан в контексте мирового опыта//Алматы: «Дайк-Пресс», 2006, с.185-189
2. Данные Агентства РК по статистике // Режим доступа: www.stat.kz
3. Закон Республики Казахстан от 9 февраля 2015 года № 285-V «О государственной молодежной политике»// Информационная система «Параграф», 2015
4. Газета «Казахстанская правда», 28 апреля, 10 июля, 6 сентября 2012.
5. Газета «Казахстанская правда», 17 ноября 2012 .
6. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана от 17 января 2014 года «Казахстанский путь 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» //Официальный сайт Президента РК. Режим доступа:http://akorda.kz/ru/page/page_215750_poslanie-pre...

Көнеге зер салсаң - өнеге көп

Оспан Г., Жұманова А.З.

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ., Қарағанды қ.

Қазақ – ақын, шешен, мақал мен мәтелге бай халықтардың бірі. Сөздік қоры өте бай, жүйрік ойлы қазақ халқы икемді тілін өмірде қандай жағдай болмасын орын-орынымен пайдалана білген. Бір ауыз дуалы сөзбен даудыда тоқтатқан, қаһарлы қатал жаудың да бетін қайтарған. Бір ауыз сөзбен жылағанды жұбатып, жасығанды жігерлендіріп, түңілгеннің үміт отын жаққан.

Қазақ жұрты – жаратылысынан шешендік өнерге бейім болған халық. Оның қиыннан қиыстыра, төтеден төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, орынды, жүйелі, нақыл ойлары жөнінде өзіміз де, өзгелер де айтуда. Академик В.В.Радлов (XXғ) «Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласын», - деп көрсете отырып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған.

Шешендік сөздер – қазақтың ұлттық әдет-ғұрпының, салт-дәстүрінің құнды туындысы. Терең ой, бейнелі шебер тілмен айтылған халық шығармасы. Қазақ ауыз әдебиетіндегі көлемі шағын дидактикалық жанр. Арнау, толғау, термелі, пернелі шешендік сөздер бар, Соның ішінде термелі шешендік сөздердің бір көрінісі мақал-мәтелдер.

Мақал – сөздің атасы. Әдемі ұйқасты, үйлесімді ырғақты, өленді өрнекпен не шешендік қара сөзбен айшықталған, қысқа да нұсқа айтылатын нақыл сөздердің мәйегі. Ол өмірдегі құбылысты жинақтап ықшамдап, көбінесе екі тармақтап құралып, алдыңғы жолдарында ойдың түп неігізі пайымдалады, соңғы жолдарында қорытындыланып түйінділеді. Мақал сөздер тура және ауыспалы мағынада қолданылады.

Мәтел – мақалға өте жақын, ұқсас. Қорытындысы тұспалды, қара сөзде нұсқалы, қарама-қарсы шендестіруі жоқ, ықшам да кестелі нақыл сөз. Сөз үстемелен келіп, мақалға айналады. Мәтел тура, ауыспалы, астарлы мағынада қолданылады. Қазақ халқының мақал-мәтелдерінің шығу тегі жөнінде айтар болсақ, А.Байтұрсынұлы: «Мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылса, мәтел ақиқат жағына қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады» [1,3 б.] – деп көрсеткен.

Мақалдар мен мәтелдердің пайда болып қалыптасуы екі түрлі объективті факторға, яғни ішкі және сыртқы факторға байланысты екенін Ә.Т.Қайдар өз зерттеуінде көрсетеді [2, 56 б.]. Негізгі факторы – ішкі фактор болып табылады. Ішкі факторға байланысты қалыптасуы ол яғни рухани өмір мен мәдени-әлеуметтік жағдай, күнделікті тірлік-шірлік, өзіндік дүниетаным мен болмыстағы құндылықтар. Ал сыртқы факторға этникалық қауымның бір табиғи ортада орналасуы, уақытша немесе тұрақты ортада басқа да халықтармен сіңісіп кетуі.

Мақал-мәтелдер сан ғасырлар бойы халықтың қоғамдық даму үрдісінде қалыптасқан ұстанымдары, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, оның тарихы, рухани мәдениеттің қайнаркөздері жайында мол ақпарат беретін тілдік қор болып табылады. «Тіл фактілері мен деректері – тұла бойына тұнып тұрған тарих. Сондықтан этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын біз ең алдымен іздеуіміз керек» - дейді ғалым, академик Ә.Т.Қайдар.

Қазақ мақал-мәтелдерінің бастауы Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастау алады. XII-XIII ғасырлардан бізге жеткен жазба ескерткіштерінде мақал-мәтелдер баршылық. Мысалы: «Бастыны еңкейтіп, тізеліні бүктірген» («Күлтегін» жырынан), «Өлімнен ұят күшті» («Тоныкөк» жырынан), Махмұт Қашқаридің «Дивани лұғат-ат түрік сөздігінен: «Ұлы болсаң, кішік бол, халық үшін бәлік бол», «Құтадғу біліктен»: «Біліп сөйлеген білекке саналар, білімсіз сөз өз басын жояр» [3, 1956.] деген мақал-мәтелдерді байқауға болады.

Мақал-мәтелдер көбінде халық аузында сақталған. Оларды нақты жинақтап, қағаз бетіне түсіру XVIII ғасырдың II жартысынан басталады. Мақал-мәтелдерді алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым – Шоқан Уалиханов. «Таңдамалы шығармалар» атты еңбегінде [4,3 б.] мақал-мәтелдер әліде өз құндылығын жойған жоқ.

Мақал да мәтел де – сөз асылы, сөз алтыны. Мақал-мәтелдердермен көп ойлауды, ұзақ баяндауды керек ететін қиын нәрсені халқымыз аз сөзбен болса да мағыналы қылып жеткізе білген. Халықтың даналығын осыдан байқауға болады. Қазақ мақалдары мен мәтелдері әр алуан: туған жер, ел, Отан, еңбек, денсаулық, өнер, төрт-түлік мал, егіншілік, денсаулық, өнер, кәсіп, ынтымақ, достық, ерлік, махаббат, батырлық тағы да басқа. Мақал мен мәтелдің арасында сәл өзгешілік болса да екеуі құстың екі қанатындай бір-бірімен байланысты.

Мақал мен мәтел – өміршең поэтикалық жанр, қазақ халқының рухани қазынасы, философиялық пайым-түйіні. Ұмытылмай ұрпақтан ұрпаққа жаттала тараған өнегелі, өсиет

сөздердің киелі түзілімі. Адам пікірінің дәнекері, аталы сөздің мәуесі, дәмі тұздығы. Шешендікті қадір тұтқан әрбір қазақ жүйелі сөзге мән бөлген және осы үрдісте ұрпағын тәрбиелеген.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Кейкін.Ж.С «Қазақ мақал-мәтелдерінің алтын кітабы» - Алматы «Аруана» баспасы 3 б.
2. Қайдар.Ә.Т «Халық даналығы» - Алматы: Тоғанай, 2004.-56 б.
3. Байталиева.Ж «Мақал-мәтелдерді этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің маңыздылығы» Астана қ. 6 б.
4. Адамбаева.Б «Алтын сандық» - Алматы: Жазушы, 1989.-195 б.

Ә. Бөкейхан және Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы білім беру мәселесі

Сақабай Т.Қ. магистр, аға оқытушы

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.,
tolkinist78@mail.ru

Қазақ зиялы қауымының көрнекті өкілдерінің бірі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан мемлекет қайраткері ретінде кеңес өкіметі орнағаннан кейін де сол кездегі қоғамдағы өзекті мәселелерді баспасөз беттерінде көтеріп, оларды шешу жолдарын көрсетіп отырды. Ол уақытта да өзекті мәселелердің бірі білім беру мәселесі Ә. Бөкейханның назарынан тыс қалмады. Осы мақаланы жазудағы мақсат Әлихан Нұрмұхамедұлының кеңес өкіметі кезеңіндегі мерзімді басылымдар беттеріндегі жарияланған мақалаларына тоқтала отырып, ғалымның қазақ даласындағы ағарту ісіне қосқан үлесін көрсету болып табылады.

Әлихан Бөкейхан білім беру саласына ішінара болса да назар аударуы заңды құбылыс еді. Сол жылдардағы қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі оқулықтар жазу болатын. Оқулықтар жазу ісіне қазақ зиялылары ғана емес, сырттан шақырылған ғалымдар да қатысты. Мысалы, 1921 жылы 2 қыркүйектегі Коллегия мәжілісі көрсеткендей, Чулошниковтың хрестоматиясына Ә. Бөкейхан пікір жазды.

Әлихан Бөкейхан халық ағарту мәселесін баспасөз бетінде «Жаңа мектеп» журналы арқылы көтерді. Бұл журналдың алғашқы саны 1925 жылы Әлихан Нұрмұхамедұлының алғысөз ретіндегі мақаласымен жарыққа шықты. Сонымен бірге журнал беттерінде қазақ зиялыларының ағарту ісін реформалау мектеп ісін қайта құру, Қазақстанда оқу ісін дамыту сияқты көтерген мәселелері жарық көрді.

Әлихан Бөкейхан Кеңес өкіметінің ағарту саласында жүргізіліп жатқан жұмыстарды қолдап, Халық Ағарту Комиссариатының оқу ісіндегі қызметіне белсенді түрде араласып отырды. Ол өз мақалаларында Қазақстанда білім беру ісіндегі өзгерістер мен осы саланың дамып келе жатқанын, қазақ тілінде жазылған кітаптардан, ұлттық тілде оқытудан, мектептерінің ашылуынан, білім беру саласында жаңа бағдарламалардың енгізілуінен көрінетінін жазады. Ә.Бөкейхан Қазақстанның ағарту ісінің Ресеймен салыстырғанда кенже қалғанын атап өтеді. Сонымен қатар өлкедегі көшпелі жұртты, мектеп пен мектептің арасының қашықтығын, қатынас көліктерінің жоқтығын, білім беру мәселесін насихаттайтын баспасөздің аздығын, оқу-білім мәселесінің болмауын, білім беру мекемелерінің нұсқау қағаздарының мектептерге бірнеше айда әрең жететінін сынайды және оны былай деп жазады: «Сондықтан, бұл күйде қалуға болмайды, оны тарих көтермейді. Сол үшін Халық Ағарту Комиссариатымен оқушыларға шара іздеп, осы журналды шығармақшы» деп жазады[1, 1-6]. Бұдан XX ғасырдың басындағы ағарту ісін дамытудағы және білімнің қазақ халқына қажеттілігін насихаттауда «Жаңа мектеп» журналын шығарудың сол кезде қаншалықты маңызды болғандығын көруге болады. Әрі қарай Ә. Бөкейхан: «Жаңа мектептің» мақсаты пәлсапа соғу емес, қазақ мектебіне араласу, қазақ оқытушысының мектептегі күнбе-күндік жұмысына жәрдемші болу, оқытушылармен жүкті